







ЖАС

САЯХАТШЫЛАР





16.06-27.06
2025ж



16.06.2025

Лагерьдің ашылуы

- Маусым айының шуақты бір таңында біздің жазғы лагеріміз өз есігін айқара ашты. Балалар қуана-қуана жиналып, әрқайсысы өз достарымен кездесіп, жаңа таныстармен шүйіркелесе бастады. Ашылу салтанатында би билеп, ән салдық. Әр топ өз атауын таңдап, ұрандарын ойлап тауып, ұйымшылдық танытты. Таңертеңгі көңілді жаттығудан кейін біз «Шаттық шеңберінде» танысу ойынын ойнадық. Осы сәтте бәріміз бір отбасы секілді болдық. Күні бойы түрлі қызықты шаралар ұйымдастырылды: спорттық жарыстар, сурет салу, ертегі әлеміне саяхат, кітап оқу сағаттары, викториналар.




17.06.2025

Лагерьдегі көңілді күн


Бүгінгі күн ерекше көңілді өтті. Біз сыныпта жиналып, караоке ұйымдастырдық. Балалар өздерінің сүйікті әндерін айтып, би биледі. Әркім өз өнерін көрсетіп, бір-біріне қошемет білдірді. Кабинет ішінде көңіл-күйіміз көтеріңкі болды. Ән салып, бірге билеп, ұмытылмас сәттерді бірге өткіздік. Бұл күн бәріміз үшін қуаныш пен шаттыққа толы болды.






18.06.2025

Бүгін біз топпен бірге «Ұлттық музейге »бардық. Музейге кірген сәттен бастап, әрбір бұрышынан тарихтың лебі сезілді. Ең алдымен, Елтаңба, Ту, Әнұран орналасқан залға кірдік. Барлығымыз Қазақстанның рәміздеріне ерекше қызығушылықпен қарадық. Келесі залда ежелгі сақ, ғұн дәуірінен қалған алтын бұйымдар мен «Алтын адамның» мүсінін көрдік. Музейден шыға бере барлығымыз алған әсерімізбен бөлісіп, тарихқа деген қызығушылығымыз арта түсті. Бұл күн біз үшін таным мен әсерге толы болды.




19.06.2025

Таңертең оқушылар таңғы жаттығу жасап, сергіп алды. Жаттығудан кейін ойын алаңына барып, түрлі қызықты ойындар ойнады. Күн бойы балалар шат-шадыман күліп, әдемі әсерлерге бөленді. Сосын сынып ішінде әртүрлі үстел ойындарын ойнадық. Uno картасын пайдаланып, логикалық ойлауды дамыттық.





20.06.2025


Саябаққа барып, ашық аспан астында пикник ұйымдастырдық. Балалармен бірге волейбол ойнап, еркін әңгімелесіп, жақсы уақыт өткіздік. Бұл күн табиғатпен үндесіп, достықты нығайтқан сәттерге толы болды. Балалар бір-біріне қолдау көрсетіп, таза ауада сергіп, шат-шадыман көңіл-күймен оралды.



23.06.2025



Сынып ішінде әртүрлі үстел ойындарын ойнадық. Uno картасын пайдаланып, логикалық ойлауды дамыттық. Караоке айтып, балалар өз таланттарын көрсетті. Бұл күн өнер мен ойынға толы болды. Барлығы еркін сөйлеп, шығармашылықпен айналысты. Ән мен күлкіге толы керемет күн өтті.






24.06.2025

Бүгін біз топпен бірге кинотеатрға бардық. Ол күн ерекше көңілді әрі қызықты өтті. Біз бәріміз асыға күткен «Элио» атты мультфильмді тамашаладық. Кинотеатр залы үлкен және жарық болды. Экранда Элио есімді бала мен оның басынан өткен ғажайып оқиғалар көрсетілді. Мультфильм күлкілі де, әсерлі де болды. Кейбір сәттерінде күліп, кейде қобалжып отырдық. Фильм соңында бәріміз Элионың батылдығына таңданып, оған ұқсап армандауға болатынын түсіндік.



25.06.2025

Бүгін мектеп ішінде біз бәріміз бірге «Менің атым Қожа» фильмін көрдік. Бұл фильм қазақ әдебиетіндегі танымал жазушы Бердібек Соқпақбаевтың шығармасы негізінде түсірілген. Фильмнің басты кейіпкері – Қожа есімді оқушы бала. Ол өте шынайы, тентек, бірақ жүрегі таза бала. Кейде сабақты қалдырып, тәртіп бұзса да, Қожа өз қателіктерін түсінуге тырысады және түзелгісі келеді. Бізде Қожа секілді өзіміздің қателіктерімізді жақсы жаққа өзгертеміз деп ойлаймыз.






26.06.2025

Бүгін біздің мектепке цирк келді. Бұл жаңалықты естігенде, барлық оқушылар қатты қуанды. Тобымызбен бірге мектептің акт залында цирктің өнерін тамашаладық.

Цирк әртістері жануарлармен өнер көрсетті, түрлі қызықты қимылдар жасап, бәрімізді таңғалдырды. Әсіресе клоундардың ойыны бәрімізге ұнады. Олар бізбен бірге ойнап, күлдіріп, көңілімізді көтерді.


Бұл күн біз үшін ерекше болды. Цирк мектепке келіп, бізге шаттық пен қуаныш сыйлады.



27.06.2025

Бүгін – лагерьдегі соңғы күніміз. Бұл күн ерекше өтті. Таңертеңгі жаттығудан кейін балалар ән айтып, би билеп, дайындыққа кірісті. Біз барлық топпен бірге лагерьдің жабылу салтанатына қатыстық.

Бірі өлең оқыды, бірі би биледі, бірі көрініс қойды. Мұғалімдер де жылы лебіздерін айтып, мақтауларын айтты. Барлығымыз лагерьде өткізген күндерді сағынышпен еске алдық. Бұл лагерь бізге көп дос, қызықты естелік, жарқын сәттер сыйлады. Жабылу салтанаты көңілді де, сәл мұңды өтті.



Қорытынды



2025 жылғы жазғы лагерь өте қызықты, мазмұнды және әсерлі өтті. Әр күн түрлі іс-шаралармен, ойындармен, шығармашылық жұмыстармен өрнектелді. Балалар белсенділік танытып, жаңа достар тапты. Практиканттар әр сәтте көмек көрсетіп, ойындар ұйымдастырып, балалармен жақын байланыс орнатты. Олар тәрбиеші ретіндегі алғашқы тәжірибелерін жинап, балаларға үлгі бола білді. Лагерь балалар мен практиканттар үшін ұмытылмас кезеңге айналды

